

Жаңа 2023 жыл құтты болсын!

№12 (480)
30 желтоқсан
2022 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

«Жасымыз, біліміміз бен зерттеу саламыз, тәжірибеміз бен жұмыс әдісіміз әртүрлі болғанымен, бізді ортақ мақсат біріктіреді.

Zhubanov University университетін Ақтөбе өңірінің экономикасы, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде жетекші рөл атқаратын маңызды институтқа айналдыру идеясымен топтасып, бір жыл ішінде берік команда құрдық».

Лаура Қарабасова
Басқарма төрағасы-Ректор



Суретте солдан оңға қарай:

Есбол Мұханбетқалиев - Басқарма мүшесі, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор.

Гүлнара Есенбаева - Басқарма мүшесі, Қаржы және инфрақұрылым жөніндегі проректор.

Лаура Қарабасова - Басқарма төрағасы-Ректор.

Рахым Бекназаров - Басқарма мүшесі, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор.

Людмила Мясникова - Басқарма мүшесі, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор.

Дастан Хусаинов - Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму жөніндегі проректор.

Осы санда

БІЛІМДІ АДАМ —
ТАРТЫМДЫ



4-5 66

БАЛАЛАРҒА
АРНАЛҒАН
УНИВЕРСИТЕТ



6-7 66

УНИВЕРСИТЕТ
ПЕН АУДАН
БАЙЛАНЫСЫ:
ОРТАҚ МАҚСАТ



Қарғалы ауданы

10-12 66

Happy
New Year
2023!

☑ Басты жаңалықтар

ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІН ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫ ЗЕРТТЕЙ БАСТАДЫ

Қазақтаннан шыққан тұңғыш лингвист, профессор Құдайберген Жұбановтың туған күніне арналып, Zhubanov University филология факультеті ұйымдастыруымен "Қ.Жұбанов — ұлттық руханият көшбасшысы" тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-танымдық семинарда шетелдік ғалымдар online баяндама жасады. Түркия мемлекетінің Ақдениз университетінің профессоры Саваш Шахин Қ.Жұбановты қазақ тіл білімінің негізін салушы ретінде қарастырған "Kazak dil biliminin kurucusu olarak Kudaybergen Jubanov" баяндамасында қазақ ғалымының өмір және еңбек жолымен енді жақын танысып жатқанын байқатса, Өзбекстанның Андиян мемлекеттік университетінің профессоры Шохид Шахабитдинова "Қ.Жұбанов ишларидаги фоносемантик ғоялар ва атамалар тадрижи" деп аталған online баяндамасында Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі фоносемантикалық идеялар мен терминдердің эволюциясын талдады.

Шара алдын Қ.Жұбанов ескерткішіне гүл қою рәсімінде сөйлеген сөзінде университет ректоры Лаура Қарабасова филология факультеті ұсынысымен Қ.Жұбанов мұрасын зерттеу жұмыстары алдағы күнде жаңа бағыт алатынын айтып өтті. Оның ішінде зерттеушілер географиясын ұлғайту да бар. "Қиын-қыстау заманда ғылыми қазақ тілін бірінші болып қолға алып, дамытқан, көп тіл меңгерген, қоғам ісіне белсене арыласқан, нағыз ұлт руханиятының көшбасшысы болған Құдайберген Жұбанов есімін университетіміздің иеленуі үлкен мақтаныш. Бар болмысы мен тұлғасы ұрпаққа үлгі, қалдырған мұрасы тағылымды жанды ұлықтау ісі нақты дәталаға қарамай жалғаса береді", — деді ЖОО басшысы.

Халықаралық семинарда online сөз алған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Анар Фазылжанова ортаға ерекше ой тастады. "Жұбановтар әулетінің феноменін зерттеу керек. Мен бұл жағдайды неміс композиторы Иоганн Себастьян Бахтың әулетінің феноменімен салыстырар едім. Бүкіл әулеттен тараған ұрпақтың бәрінің өз саласында үздік, танымал болуы сирек кездесетін құбылыс. Осы жағын зерттеу арқылы біз Қ.Жұбановтың есімін әлемдік деңгейге көтерер едік", — деді ол.

Шара аяғында Құдайберген Жұбановтың туған күніне орайластырылып жарық көрген, жаңа "Жұбановтану" жинағы таныстырылды.



Ғылыми еңбекті таныстырған құрастырушысының бірі, жұбановтанушы-ғалым Нұрбол Садуақас келешекте жинақтың әлі де толықтырылатынын жеткізді. Себебі Қ.Жұбановтың төте жолмен жазылған қалған 22 мақаласы аударманы қажет етеді.

Қ.Жұбанов еңбектерінен осы күнге дейін 10 диссертация қорғалыпты. Жұбановшы ғалымдар Қ.Жұбанов еңбектерінің танылу аясын кеңейту мақсатында жеке мақалаларын түрлі тілдерге аударуды қолға алған. Ғалымның "Из истории порядка слов в казахском предложении" деген орыс тілінде жазылған атақты еңбегі қазақ, ағылшын, неміс, болгар тілдеріне аударылыпты.

Шарада Қ. Жұбанов есімін ұлықтау тарихын қозғаған профессор Абат Пангереев қызықты естелігімен бөлісті. Ол Алматыда, 29 жастағы жас кезінде Құдайберген Жұбановтың жан жары Раушан Оспанқызымен жүздескенін әңгімеледі. Шараға Құдайберген Жұбановтың немересі, ғалым Ардақ Жұбанова, сондай-ақ қаладағы мәдени сала өкілдері, профессор-оқытушы құрам, білім алушылар қатысты.

Академик Р.Сыздық бізге жеткен «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегінің екі сериясы ғана баспа бетін көріп, сегіз «халық жауының» еңбегі ретінде жойылды деген. Өкінішке қарай Қ.Жұбановтың қаламынан шыққан 17-ге жуық еңбегінің атауы ғана белгілі.

РАБОТЫ КУДАЙБЕРГЕНА ЖУБАНОВА НАЧАЛИ ИЗУЧАТЬ ЗАРУБЕЖНЫЕ УЧЕНЫЕ

Зарубежные учёные выступили в online формате с докладами в ходе международного научно - познавательного семинара "К.Жубанов-лидер национальной духовности". Мероприятие, организованное филологическим факультетом Zhubanov University, было посвящено Дню рождения первого казахского лингвиста, профессора Кудайбергена Жубанова.

В докладе "Kazak dil biliminin kurucusu olarak Kudaybergen Jubanov", в котором профессор Университета Ақдениз Турции Саваш Шахин рассматривал К. Жубанова как основоположника казахского языкознания. Турецкий ученый отметил, что теперь ближе знакомится с жизненным и трудовым путем К.Жубанова.

А профессор Андиянского государственного университета Узбекистана Шохид Шахабитдинова поделилась в докладе "К.Жубанов ишларидаги фоносемантик ғоялар ва атамалар тадрижи" анализом эволюцию фоносемантических идей и терминов в трудах Кудайбергена Жубанова.

Научное мероприятие началось с церемонии возложения цветов к памятнику К.Жубанова. Выступая перед участниками семинара, ректор университета Лаура Карабасова отметила, что по предложению филологического факультета изучение наследия К.Жубанова в ближайшее время получит новое направление. В том числе и в увеличении географии исследователей. "Большой гордостью является присвоение университету имени Кудайбергена Жубанова. Ведь эта личность является основоположником научного казахского языка. Полиглот активно участвовал в делах общества, являлся лидером истинной национальной духовности. Его наследие служит примером для поколений", — сказала руководитель ВУЗа.

Директор Института языкознания им. А.Байтұрсынова, кандидат филологических наук, доцент Анар Фазылжанова особое внимание участников международного семинара обратила на необходимость изучения феномена династии Жубановых: "Я бы сравнила эту историю с феноменом династии немецкого композитора Иоганна Себастьяна Баха. Это редкое явление, когда все потомки из одной семьи преуспевают в своей области. Изучив эту сторону, мы возвысим имя К. Жубанова на мировой уровень".

В завершении мероприятия был презентован новый сборник "Жубановведение", который приурочили ко Дню рождения Кудайбергена Жубанова. Один из создателей научного труда, ученый-жубановед Нурбол Садуақас отметил, что в будущем сборник будет пополняться. Потому что остальные 22 статьи К.Жубанова, написанные в арабской письменности, требуют перевода.

На сегодняшний день по трудам К.Жубанова защищено 10 диссертаций. Ученые-жубановеды в целях популяризации трудов К.Жубанова приступили к переводу отдельных статей на иностранные языки. Знаменитый труд ученого на русском языке "Из истории порядка слов в казахском предложении" переведен на казахский, английский, немецкий, болгарский языки.

Интересным воспоминанием поделился профессор Абат Пангереев. Он рассказал, что, когда ему было 29 лет, в Алматы он встретился с супругой Кудайбергена Жубанова Раушан Оспанқызы.

✓ Главные новости

✓ Main news

В мероприятии приняли участие внучка Кудайбергенов Жубанова, ученая Ардак Жубанова, а также представители культурной сферы города, профессорско-преподавательский состав, обучающиеся университета.

По данным академика Р. Сыздык, только две серии труда «Исследования по казахскому языку», дошедшие до нас, были опубликованы, а восемь уничтожены в годы репрессии как труды «Врага народа». Сохранились лишь названия еще 17-ти произведений, написанных К.Жубановым.

WORKS OF KUDAIBERGEN ZHUBANOV BEGAN TO BE STUDIED BY FOREIGN SCIENTISTS

Foreign scientists made presentations in online format during the international scientific and educational seminar "K. Zhubanov - Leader of National Spirituality". The event, organized by the Faculty of Philology of Zhubanov University, was dedicated to the birthday of the first Kazakh linguist, Professor Kudaibergen Zhubanov.

In the report "Kazak dil biliminin kurucusu olarak Kudaybergen Jubanov", in which the professor of Akdeniz University of Turkey Savash Shahin considered K. Zhubanov as the founder of Kazakh linguistics. The Turkish scientist noted that now he is getting closer acquainted with the life and work path of K. Zhubanov.

And the professor of Andijan State University of Uzbekistan Shohida Shakhbitdinova shared in the report "K. Zhubanov ishlaridagi phonosemantic goyalar va atamalar tadjiri" an analysis of

the evolution of phonosemantic ideas and terms in the works of Kudaibergen Zhubanov.

The scientific event began with a flower-laying ceremony at the monument to K. Zhubanov. Speaking to the participants of the seminar, the Rector of the University Laura Karabasova noted that, at the suggestion of the Faculty of Philology, the study of the heritage of K. Zhubanov will soon receive a new direction. Including the increase in the geography of researchers. "It is a great pride that the university was named after Kudaibergen Zhubanov. After all, this person is the founder of the scientific Kazakh language. The polyglot actively participated in the affairs of society, was the leader of true national spirituality. His legacy serves as an example for generations," said the head of the university.

Director of the A.Baitursynov, Institute of Linguistics, Candidate of Philology, Associate Professor Anar Fazylyzhanova paid special attention to the participants of the international seminar on the need to study the phenomenon of the Zhubanov dynasty: "I would compare this story with the phenomenon of the dynasty of the German composer Johann Sebastian Bach. This is a rare occurrence when all descendants from one family succeed in our field. Having studied this side, we will elevate the name of K.Zhubanov to the world level."

At the end of the event, a new collection "Zhubanovtanu" was presented, which was timed to coincide with the birthday of Kudaibergen Zhubanov. One of the creators of the scientific work, Zhuban scholar Nurbol Saduakas noted that in the future the collection will be replenished. Because the remaining 22 articles by K. Zhubanov, written in Arabic script, require translation. To

date, 10 dissertations have been defended on the works of K. Zhubanov.

In order to popularize the works of K. Zhubanov, Zhubanov scholars began translating individual articles into foreign languages. The famous work of the scientist in Russian "From the history of word order in the Kazakh sentence" was translated into Kazakh, English, German, Bulgarian.

Professor Abat Pangereev shared an interesting memory. He said that when he was 29 years old, in Almaty he talked with the wife of Kudaibergen Zhubanov Raushan Ospankyzy.

The event was attended by the granddaughter of Kudaibergen Zhubanov, scientist Arda Kudaibergen Zhubanova, as well as representatives of the cultural sphere of the city, faculty, university students.

According to academician R. Syzdyk, only two series of works "Studies in the Kazakh language", which have come down to us, were published, and eight were destroyed during the years of repression as the works of "Enemy of the People". Only the titles of another 17 works written by K.Zhubanov have been preserved.



ЛАУРА ҚАРАБАСОВА ЖЫЛ РЕКТОРЫ АТАНДЫ

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталы 2022 жылғы әр саланың «Жыл адамын» анықтады.

Еліміз бойынша ең жас ректор, Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінің басшысы, 34 жастағы Лаура Қарабасова Жыл ректоры атанды.

«Лаура Қарабасова Қазақстандағы ең жас ректор. Ол бүгінде еліміздің ең үздік ғалымдардың қатарында. Л.Қарабасова білім беруді трансформациялау мәселелері бойынша әлем ғалымдарымен бірлесіп жазылған кітаптардың авторы. Сонымен қатар, ол «Білім және ғылым» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі», — деп көрсетілген байқау жеңімпазы туралы хабарламада.

Дәстүрлі өткізілетін жоба аясында газет және портал оқырмандары қалаған тұлғасына телефон сауалы, смс, электронды пошта және әлеуметтік желі арқылы дауыс берген.

«Университетімізде ел деңгейінде жүріп жатқан жұмыстарды бақылап, байқап жүрген азаматтардың болғаны қуантады.

Бұл — баршамызға ортақ жеңіс. Университет абыройы асқақтай берсін!», — деді Лаура Қарабасова құттықтаушы әріптестеріне.

ЛАУРА КАРАБАСОВА ПРИЗНАНА РЕКТОРОМ ГОДА

Газета «Қазақ үні» и национальный портал Qazaquni.kz определили в каждой сфере «Человека 2022 года». Ректором года названа самый молодой ректор страны, руководитель Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова, 34-летняя Лаура Карabasова.

«Лаура Карabasова — самый молодой ректор в Казахстане. Она входит в число лучших ученых страны. Л.Карabasова — автор книг, опубликованных совместно с мировыми учеными, по вопросам трансформации образования. Кроме того, она является членом Национального научного совета по направлению «Образование и наука», — говорится в сообщении о победителе конкурса.

В рамках традиционного проекта читатели газеты и портала голосовали за лучшего по их мнению человека в ходе опроса, проведенного по телефону, СМС, электронной почте и в социальных сетях.

«Приятно, что казахстанцы наблюдают за работой, проводимой в нашем университете на уровне страны. Это наша общая победа. Пусть честь вуза будет всегда на высоте!» — обратилась к поздравляющим коллегам Лаура Карabasова.

LAURA KARBASOVA RECOGNIZED AS RECTOR OF THE YEAR

The newspaper "Kazakh uni" and the national portal Qazaquni.kz have identified the "Man of 2022" in each area. The youngest rector of the country, the head of the Zhubanov University, 34-year-old Laura Karabasova.

"Laura Karabasova is the youngest rector in Kazakhstan. She is one of the best scientists in the country. L. Karabasova is the author of books published jointly with world scientists on the issues of education transformation. In addition, she is a member of the National Scientific Council in the direction of "Education and Science," the message about the winner of the competition says.

As part of a traditional project, readers of the newspaper and the portal voted for the best person in their opinion in a survey conducted by phone, SMS, e-mail and social networks.

"It's nice that Kazakhstanis are watching the work carried out at our university at the country level. This is our common victory. May the honor of the university be always on top!" - Laura Karabasova addressed her congratulating colleagues.

 Best lecturer

БІЛІМДІ АДАМ — ТАРТЫМДЫ

Абылай Каринов
Zhubanov University
Педагогика факультеті
деканының оқу ісі жөніндегі
орынбасары
Білім беруден ғылыми
магистрі
Зерттеу бағыты:
Коучинг пен менторлық
әдістерінің қазақстандық білім
беруде қолданылуы

Абылай Каринов Қарағанды облысында дүниеге келген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультетінің түлегі. Еңбек жолын мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. Долинка кентіндегі Карлағтың мұражайында ғылыми қызметкер, «Абай-ақиқат» газетінде тілші болып істеген. Одан кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның үздік университеттерінің бірі — Бристол университетінде "Білім берудегі Көшбасшылық және Саясат" (Education Leadership and Policy) оқу бағдарламасы бойынша магистратурада оқыған.

2022-2023 оқу жылы басынан Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетіне қызметке келді. Жас маманның жас мамандарға, білім алушыларға көрсетер үлгісі мол. Білімді адам — тартымды. Абылай Қанатұлының жанынан үйірленген топты жиі көреміз. Олар — әріптестері мен студенттері. Жаңа жыл қарсаңында жаңа маманмен диалогқа қатысқан журналист Гүлнара Қараша.

— Абылай Қанатұлы, 2022 жыл өміріңізге үлкен өзгеріс енгізді деп ойлаймын. Негізгі белгісіздіктен қорықпайтын жан боларсыз...

— Саламатсыз ба! Әлбетте, 2022 жыл жағымды жаңалықтарға толы болды. Соның ішінде ең ерекшесі Жұбанов университетіне жұмысқа орналасуым, Ақтөбе қаласына көшіп келуім. Жаңа жұмыс орнының талаптарына үйренісу, жаңа әріптестермен бірлесе жұмыс істеу өзін үшін қызықты тәжірибе болды. Белгісіздіктен қорықпаймын деп айту қиын. Мақсаттың айқын, жоспардың анық болғаны дұрыс деп есептеймін. Алайда, өзіме жауапкершілік



алудан, тәуекел етуден қашпайтынмын рас.

— Zhubanov University трансформациялану процесінен өтіп жатыр. Сіз арнайы шақырылып, сенім артқан маман ретінде осы процеске қандай үлес қосып жатырсыз?

— Университетте кейінгі бір жарым жыл ішінде көптеген бастамалар жолға қойылды. Әдетте білім беру саласындағы өзгерістер, реформалардың нәтижесі көп уақыттан кейін ғана өз жемісін береді. Бұл табандылықты, тұрақты дамуды қажет ететін күрделі процесс. Өзіме келетін болсам, бірінші кезекте корпоративті басқару, корпоративті этика саясатына барынша қолдау көрсетуге тырысамын. Педагогика факультетіндегі ішкі құжат алмасуда корпоративті почта арқылы байланыс орнатуды, құжаттарды, ақпараттарды толтыруда google sheets, google docs арқылы жұмыс жасау жөнінде вебинар ұйымдастырдық,

қазір барлық дерлік құжат алмасу осы бағдарламаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Одан өзге факультеттегі оқытушылардың білімінің, білігінің артуына үнемі қолдау көрсетуге тырысамын. Оқу процесінің барысын, уақытын, сабақ кестесін қадағалау өз орнына, сабақтардың ішкі мазмұны, оқытушылардың жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануы, аудиториямен байланыс құруы, шығармашылығы, сабаққа ғылыми тұрғыдан қарауы бұдан да маңыздырақ.

Сыртқы бояу іштің де сондай сұлу екенін білдірмейді ғой. Бұл жерде, кабинеттердің оқытушының талантын, сабақ беруге деген құлшынысының артуына сәйкес келуі де өзекті.

Оқу процесінде факультеттегі, басқа факультеттен келіп сабақ беретін оқытушыларға барынша шығармашылық еркіндік беруге, мүмкіндігінше сабақтарын техникалық тұрғыдан жақсы жабдықталған

кабинеттерде өткізуіне қолдау көрсетуге тырысамын.

Сонымен қатар, күзгі семестрде факультеттегі оқытушылардың өзара сабақтарға қатысуын қолға алдық. Мұндағы мақсат оқытушыны тексеру емес, керісінше сол сабаққа қатысты кері байланыс орнату, кемшіліктер болса, оның шешімін бірлесіп іздеу, ұсыныстар жасау, артықшылықтар болса оны оқытушыға айтып, мотивация беру. Қазір бірнеше оқытушыға байланысты арнайы кесте жасалды. Бұдан өзге факультеттегі «Академиялық жазу» пәнінен сабақ беретін оқытушылармен дөңгелек үстел өткізіп, пәннің ерекшелігін талқылады. Әр оқытушы өз тәжірибесімен бөлісті, ұсыныстарын жасады. Факультет ішінде ғылыми эссеңіз жазылу, бағалау критерийлерін әзірледік. Енді бұны университет деңгейінде регламенттеуді ұсынды ойға алып отырмыз.

— Педагогика факультеті университеттегі маңызды құрылым. Мұнда аймақтан бөлек, республика көлемі бойынша білім беру саласына маман дайындалады. Қазіргі заман педагогтеріне талап күшейді. Талаптың өзектісінің бірі — шетел тілін білу. Осы қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

— Абай «біреудің тілін білген, сонымен бірдейлік дағуына кіреді» демекші тіл білген ешқашан артық етпейді. Қазірде дүниежүзінде ақпараттың 95 пайызы ағылшын тілінде тарайды. Сондықтан, көштен қалмау үшін, ашылып жатқан жаңалықтарды, технологияларды қолдану үшін, мерзімдік ғылыми басылымдардан хабардар болу үшін бұл өте маңызды. Сонымен қатар, егер мұғалім қандай да бір нәрсе ойлап тапса, жаңалық ашса оны өз бренд ретінде тек отандық емес, жаһандық аудиторияға жариялай алады, сата алады. Қазіргі білім беру саласында өмір бойы оқу (lifelong learning) қағидасы өте маңызды орынға ие. Қазақ тілінде материал аз, аударма аз, орыс тіліндегі материал да ағылшын тіліндегідей көп емес және жаңа дүниелер бірден аударылмайды. Сол үшін ағылшын тілін білу маңызды. Шет тілі болған соң оны бірден келем деңгейде меңгеру қиын, ең болмаса онлайн-аудармашымен аударып, базалық деңгейде білуге тырысу керек деп ойлаймын.

— Факультетте "Жас педагог" мектебі құрылыпты. Бұл жас педагогтердің жеке тұлға ретінде дамуына кері әсерін бермей ме? Жәрдемдескен дұрыс, дегенмен.. Шетелде оқыдыңыз. Осындай тәжірибе байқадыңыз ба?


— Байқауымша, білім саласы дамыған шет елдерде жаңадан жұмысқа қабылданған мамандарға ұзақ сынақ мерзімі беріледі. Мұғалім оқу процесіне біртіндеп кіріктіріледі. Бірер жыл ассистент болып, тәжірибелі мамандардан тәлім алып, алған білімін практикалық тұрғыдан дұрыс қолдануды үйренеді. Ғылым бойынша да тіпті Ph.D. деңгейін қорғаған азаматтар постдокторан-

тура оқып, өзінің зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейді, оны оқу процесінде қолдануды тәжірибеден өткізеді. Өкінішке қарай, бізде көбіне жас мамандар бірден «батыр майданда шынығады» деген қағидамен жұмысқа кірісіп кетеді. Бұған шыдап, үйренісіп кету оңай емес.

«Жас педагог» мектебінің ашылуы, әр жас маманға жетекшілік ететін тәлімгердің белгіленуі әлбетте, көңіл қуантарлық дұрыс қадам, жас мамандарға үнемі қолдау қажет деп санаймын. Бірінші кезекте, жас маманға жеке тұлға ретінде қалыптасуда, әрине, шығармашылық еркіндік керек. Бірақ жас маманды босаңсытып қояуға да болмайды, нақты жеке жұмыс жоспары құрылып, сол жоспар негізінде жүргізілуі керек. Осы жеке жоспарында жас маман өзін жұмыстың ішіндегі қай құрылымдық бөлімде, қай рөлде, қандай бағытта жұмыс істегісі келетінін өзі айқындағаны абзал.

— Әлеуметтік желіде ой тастаумен бірге мәселені шешу жолдарын ұсынып отыратыныңызды байқадым. Аудиторияда да солай жұмыс жасайтын боларсыз. Жастар қалай қабылдайды? Қолдап, құлшына кете ме әлде самарқау тыңдай ма?

— Жастарға мәселе тастағанда шешу жолдарын, варианттарды, тығырықтан шығу жолдарын, лайфхактарды көрсете отырып тапсырма беру өте маңызды. Адамның табиғаты болмысынан жаңа нәрсені бірден қабылдамауға бейім,



үнемі қарсылықтар, түсінбеушіліктер болады. Мысал келтіре кетсем, күзгі семестрде бакалавриаттың 2-ші курс студенттеріне «Академиялық жазу» пәнінен сабақ бердім. Әуел баста студенттер пәннің аралық бағалануын, барлық жұмыстар тек электрондық форматта жасалатынын, қорытынды емтиханның ғылыми эссе форматында (2000 сөз) қабылданатынын және бұл эссені олар 15 апта сабақ өту үдерісінде жазатынын бірден түсінбеді, өте қиын нәрсе ретінде қабылда-

ды. Себебі, бұған дейін олар мұндай жұмыс жазып көрмеген болатын. Алайда, үлкен нәрсені шағын бөлшектерге бөліп, жеңілдетілген тапсырмаларды беру көп септілікті тигізді. Бұл жерде жоғарыда сіз айтпақшы шет елде оқу тәжірибем көп пайдасын берді. Бристол университетінде бір семестрде әрбір пәннен 3-4 мың сөздік ғылыми эссе жазатынымыз. Сонда семестр ішінде жалпы саны 11-12 мың сөздік жұмыс жазылады. Салыстырмалы түрде бір семестрде небәрі 2000 сөз

жазу бұдан жеңілрек екенін түсіндірдім. Сол кезде жазған бірнеше эсселерімді көрсетіп, оны сабақтарда талдадық. Содан кейін эссенің бөліктерін модульдерге бөліп, жұмысты бастап кеттік. Нәтижесінде топтағы барлық студент кемінде 1700 сөзден тұратын эмпирикалық зерттеуге негізделген эссе тапсырды. Кейбір жұмыстарды студенттерге мақала ретінде жариялауды ұсындым. Көлемі ғана емес, жұмыстардың сапасы да көңілімнен шықты. Соңғы сабақта студенттерден алынған сауалнамада: «сабақтың ұйымдастырылуы, берілген тапсырмаларды тек үй жұмысы ретінде ғана емес, сабақ үстінде орындағанымыз ұнады», «студенттің өз бетімен жеке жұмыс істеуі, ізденіс жасауы ұнады», «ең басында эссені жазу қиындау болды, уақыт өте келе, түсінген соң оңай болды» деген пікірлер болды. Бір сөзбен қорытындыласам, жастардың бойында жалын бар, оларда күш-қуат өте көп. Соны оята білу керек, «жанам деген жүрекке от беру керек»...

— Жаңа 2023 жыл есік қағып тұр. Таңғажайыпқа сенесіз бе? Келер жылға не жоспарлап қойдыңыз? Арманыңыздың асылы, құпия демесеңіз.

— Мен үшін жылдан жылдың, күннен күннің айырмашылығы жоқ. «Еңбекшіге әр күн сәт» демей ме халық даналығы?! Ертеңді күтіп, бүгінгі жіберіп алмау керек. Білім беру саласында егін егу сияқты, күнделікті жұмыс, тұрақты еңбек қана жемісін береді. Сондықтан, таңғажайыпқа сенбеймін, бір күнде ештеңе өзгеріп кетпейді. Кейбір жетістіктер ішкі сырын білмеген соң сырттай оңай жеткен белес сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, оның түбінде күнделікті тегілген тер, төзім мен сабыр ете білу жатады...

Арманнан гөрі қағазға түсірілген, нақты алгоритмі белгілі жоспар адамға сенімділік береді, еңбектенуге итермелейді. Алдағы уақыттағы негізгі мақсатым, ғылымға көбірек көңіл бөлу, ғылыми мақалалар жазу, оларды мүмкіндігінше жарыққа шығару. Сонымен қатар, өзімнің қызметімде де, оқытушылығымда да жұмысты, оқытуды ғылымиландыру, ғылымға негіздеу.

— Алдағы жоспарларыңызға сәттілік тілеймін! Жаңа жылыңыз бен!





✓ 2022 is the Year of Children
in Kazakhstan

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Қазақстандағы балалар жылы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелер, түйінді сын-қатерлер мен мүмкіндіктер туралы конференциямен қорытындыланды. Конференцияға Чехия, Хорватия, Венгрия, Қырғызстан және басқа да елдердің халықаралық сарапшылары қатысты.

Қазақстандағы балалар жылын қорытындылаған Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов "Еліміздің Президенті 2022 жылды "Балалар жылы" деп жариялады. Бұл мемлекеттің өскелең ұрпаққа маңызды көңіл бөлу және еліміздің болашағына қамқорлық жасау деңгейін көрсетеді. Еліміздегі халықтың үштен бір бөлігі — балалар. Балалар жылы ішінде білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануын жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Тамақтану сапасын күшейту, тамақтану құнын реттеу, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды енгізу бөлігінде Тамақтануды ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Мектептегі тамақтануды қоғамдық бақылау жандандырылды. Маңызды бағыттардың бірі — қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету. Апатты мектептерді, үш ауысымды оқитуды және оқушы орындарының тапшылығын жою үшін Президент тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы әзірленді. Бағдарламаға сәйкес қалалар мен ауылдарда 800 мыңнан астам жаңа оқушы орындарына 401 мектеп салынады", — деді.

Министр Балалар жылындағы келесі басым бағыт балабақшаларда, мектептер мен колледждерде балалардың қауіпсіздігін қам-

тамасыз ету екенін атап өтті. Барлық білім беру ұйымдарында камералар орнатылды, білім беру объектілерін қорғауды күшейту бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді, турнирлер, дабыл түймелері орнатылып жатыр.

Балалар жылы тұңғыш рет баланы қорқытудан (буллингтен) қорғау құқығы бекітілді, тиісті алдын алу ережелерін әзірлеу бойынша құзырет енгізілді, бұл қудалауға ұшыраған балаларға уақтылы ескертуге және қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, биыл Білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің бірыңғай қағидалары қабылданды.

Елімізде балалардың әл-ауқатының индексі алғаш рет әзірленді. Әр бағытта лайықты өмір сүру жағдайларына, білімге, денсаулық сақтауға, инфрақұрылымға, зорлық-зомбылықтан қорғауға және әлеуметтенуге қол жеткізуді көрсететін ең маңызды индикаторлар таңдалды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жалғастырылды. Бұл мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту, балабақшаларға бірыңғай кезектілік бойынша платформа әзірлеу, бұл кезекте қайталануды болдырмауға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тіркеуді автоматтандыруды көздейтін ПМПК модулі әзірленді. Бір ПМПК ашу нормативтері 60 мыңнан 50 мың балаға азайтылды.

Сонымен қатар, Балалар жылы мектеп автобустарының автобус паркі алғаш рет ауқымды түрде жаңартылды. Ол 515 жаңа автокөлікпен толықтырылды. Сондай-ақ, мек-



теп кітапханаларының материалдық-техникалық базасы алғаш рет кешенді түрде жетілдірілді. Көркем әдебиет қоры мемлекеттік тілдегі басылымдармен толықты.

Құрылғанына 3 жыл толған Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті жанындағы Балалар университетінде де Балалар жылына орай біраз шаралар жүзеге асты. Бұл ерекше жобаның бүгінгі нәтижелері туралы Балалар университетінің жетекшісі Жамила Идиевадан сұрап, білген едік. Жүздескен Гүлнара Қараша.

— Сәлеметсіз бе, алдымен кездесуімізге себепші басты сұрақ. Балалар жылы аяқталды. Оған қатысты Балалар университетінде қандай шаралар өтті? Сол жайлы айтсаңыз.

— Биылғы жылдың басты жаңалығы — Балалар университетінің алғашқы түлектеріне салтанатты түрде Диплом тапсырдық. Бұл 22 оқушы 2019 жылы оқуға түсіп, 7 бағыт бойынша Балалар университетінің толық курсын сәтті аяқтағандар. Сонымен қатар, Балалар университетінің түлектеріне мектеп бітіргесін жоғары білім алу үшін біздің университетті таңдаған жағдайда оқу ақысын жеңілдету туралы сертификаттар берілді.

10 студент-оқушы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде өткізілген 1-ші Республикалық слетте KIDS EXPO -2022 балалар шығармашылығы көрмесіне қатысып, ғылыми жобаларын қорғады. Бұрабайдағы "Тұлпар" лагерінде демалды. Бұл жайында елге келгесін облыстық "Ақтөбе" телеарнасына толық сұхбат бердік.

Балалар университеті қала мектептерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. М.Құсайын-ов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты, Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия, №51 гимназия, Новый

орта мектеп-лицейі мемлекеттік мектептерін сенімгерлік басқаруға алып, «Сымбат» дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, «КАЗГНОУ мектеп-гимназия және колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерімен ынтымақтастықтамыз.

Аталған мектеп оқушылары сәуірде Балалар университетінде қонақ болды. Біздің студент-оқушылар оларды өздерінің робототехника, бейнелеу өнері, т.б. бағыттары бойынша ғылыми жобаларымен таныстырды.

Сонымен қатар Балалар университетінің студенттері KAZCUNET білім платформасындағы материалдарды оқу процесіне пайдаланып, енгізу құқығына ие болды.

— Балаларға арналған университеттің классикалық университеттен айырмашылығы? Балалар және университет деген екі ұғым түсініксіздеу қабылданады.

— Балаларға арналған университет — 11 мен 17 жас аралығындағы балаларға арналған ғылыми білім беру, шығармашылық және дамытушылық бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын маңызды жоба. Сынақтар мен емтихандар ғана болмайды, қалғанының бәрі классикалық университеттегідей. Сабақтар семестрлер бойынша университеттің аудиторияларында өтеді, әр түрлі

саланың белгілі ғалымдары лектор ретінде шеберлік сабақтарын өткізеді.

— Балалар университетін құру идеясы Германияға тиесілі екені белгілі. Алғаш сол елде басталған білім беру формасының бірі екен. Бізде осы дайын модель бойынша құрылған ба, әлде өзімізге тән өзгешеліктер енгізілген бе?



— Ия, Германия еліне тиесілі дайын модельді көптеген ел пайдалануда. Мен 2007-2015 жылдары Германиядағы Munchen, Schwabisch Hall, Dusseldorf, Stuttgart университеттерінде, 2018 жылы Ресейдегі Қазан Федералды университетінде кәсіби тәжірибе алмасып келдім. Осы идеяны біздің университетке ұсынып, әкімшілік тарапынан қолдау көрсетіліп, бұл жоба іске қосылып еді.

— **Балаларға арналған университет жобасының бас мақсаты жеткіншектерді ғылымға қызықтыру болар. Өйткені баланың басқа қызығушылығына орай қалада түрлі үйірмелер, секциялар жұмыс істейді.**

— Жобаның мақсаты — балаларды қызықты және түсінікті түрде ғылыммен және заманауи технологиялармен таныстырып, заманауи мамандықтарды таңдауға бағыт-бағдар беру, зерттеушілік пен дизайнерлікке үйрету және оларды университетке түсуге дайындау. Жоба мектептен өзгеше білім беру әдістемесін ұсына отырып, балалардың қызығушылығын дамытуға көмектеседі. Оқушылар білім әлеміндегі бүгінгі күн талабына сай бағдарламалармен танысады. Мұнда баланың таланты ашылып қана қоймайды, сонымен бірге олар жастайынан болашақта мамандығын дұрыс таңдауға негіз жасайды.

Балалар университетінде студент-оқушылар "Бағдарламалау", "Робототехника", "Бизнес", "Құқықтану", "Шет тілдері", "Химия" және "Бейнелеу өнері" бағыттары бойынша теориялық және практикалық түрде білім алып, шеберлік сабақтарына қатысып, таңдаған бағыты бойынша халықаралық, республикалық және аймақтық ауқымдағы түрлі жарыстарға қатысады, сонымен қатар университеттің көрмелерінде өз жобаларын қорғайды, ғылыми эксперименттер жасайды.

Оларға білім беру саласында мол тәжірибесі бар танымал ғалымдар, сондай-ақ жан-жақты жас мамандар сабақ береді.

Алдағы жылда алдымызға жаңа мақсат қойып отырмыз. "Азық-түлік технология", "Шешендік өнер" бағыттары қосылатын болады.

Сондай-ақ Балалар университетінің ғылыми орталығын ашу жоспарда. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу үшін республика деңгейіндегі ғалымдарды жобамызға тарту да ойда. Ғылыми шоулар өткізіміз келеді.

Балалар университеті балаларды ғылымға тартудың жаңа үлгісі ретінде аймақтық білім беру ландшафтына оң әсерін беруде, бұл жоба сәтпен жалғаса бермек.

— **Балалар университетіне зор жетістіктер тілеймін. Балалармен жұмыс істеу әрқашан алғысты іс. Оларды лайықты өмір жолына бағыттау аса жауапкершілікті. Еңбегіңіз жемісті болсын! Аман болыңыз!**



Main news

МИНИСТРДІҢ МАРАПАТЫ

2022 жыл қорытындысы бойынша Zhubanov University бір топ оқытушысына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің марапаты табысталды.

Министр марапатын иелеріне табыстаған университет ректоры Лаура Қарабасова:

"Министрлік тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау — университетімізге көрсетілген құрмет. Жаңа жыл қарсаңында әр жылдары атқарып келген жұмыстарыңыздың жақсы нәтижесін көру — үлкен қуаныш», — деді.

Министрліктің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі биология ғылымдарының кандидаты, доцент Алия Базарғалиева мен тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлбану Избасароваға табысталды, «Құрмет грамотасымен» техника ғылымдарының кандидаты, доцент Мұрат Қуанышев, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Базархан Иманғалиева, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетқан Сәрсембин, Ph.D. Жандарбек Иманчиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әділғали Сағымбаев және бас экономист Индира Онғарбаева марапатталды.

Сондай-ақ, министрдің Алғыс хаты "Халықаралық ынтымақтастық" департаментінің директоры Майра Алдияроваға, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Елена Кокотоваға, Ph.D. Зухра Аймағанбетоваға, «Педагогика, психология және бастауышта оқыту» кафедрасының аға оқытушысы Роза Досмырзаға,


наук, доцент Адильғали Сағымбаев и главный экономист Индира Онгарбаева.

Также благодарственное письмо министра вручили директору департамента «Международного сотрудничества» Майре Алдияровой, кандидату физико-математических наук, доценту Елене Кокотовой, Ph.D. Зухре Аймағанбетовой, старшему преподавателю кафедры «Педагогика, психология и начальное обучение» Розе Досмырзе, кандидату биологических наук Гульнур Адмановой, кандидату физико-математических наук, доценту Абзалу Жубаеву, кандидату технических наук, ассоциированному профессору Бауыржану Келаманову.

MINISTER'S AWARDS

At the end of 2022, a group of Zhubanov University teachers was honored on behalf of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan Sayasat Nurbek.

The minister's awards were presented to col-



биология ғылымдарының кандидаты Гүлнұр Адмановаға, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Абзал Жубаевқа, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Бауыржан Келамановқа берілді.

leagues by the rector of the university, Laura Karabasova. "Support from the ministry is a tribute to our university. On New Year's Eve, seeing a good result of the work that you did at different times is a great joy," she said.

The badge of the Ministry "For merits in the development of science" was awarded to Candidate of Biological Sciences, Docent Aliya Bazargaliyeva and Doctor of Historical Sciences, Professor Gulbanu Izbasarova, "Certificate of Honor" was awarded to Candidate of Technical Sciences, Docent Murat Kuanyshiev, Candidate of Pedagogical Sciences, Docent Bazarkhan Imangaliyeva, Candidate of Philosophical Sciences Umbetkan Sarsembin, Ph.D. Zhandarbek Imanchiev, Candidate of Pedagogical Sciences, Docent Adilgali Sagymbaev and Chief Economist Indira Ongarbaeva.

Also, a Letter of thanks from the Minister was presented to the Director of the Department of International Cooperation Mayra Aldiyarova, Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Docent Elena Kokotova, Ph.D. Zuhra Aimagantbetova, Senior Lecturer of the Department of Pedagogy, Psychology and Primary Education Roza Dosmirza, Candidate of Biological Sciences Gulnur Admanova, Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Docent Abzal Zhubaev, Candidate of Technical Sciences, Associate Professor Bauyrzhan Kelamanov.

НАГРАДЫ МИНИСТРА

По итогам 2022 года группа преподавателей Zhubanov University была чествована от имени министра науки и высшего образования РК Саясат Нурбека.

Награды министра коллегам вручила ректор университета Лаура Карабасова.

«Поддержка министерства — это дань уважения нашему университету. В канун Нового года видеть хороший результат работы, которую вы выполняли в разное время, — большая радость», — сказала она.

Нагрудный знак Министерства «За заслуги в развитии науки» был вручен кандидату биологических наук, доценту Алие Базарғалиевой и доктору исторических наук, профессору Гүлбану Избасаровой, «Почетной грамотой» награждены кандидат технических наук, доцент Мурат Куанышев, кандидат педагогических наук, доцент Базархан Иманғалиева, кандидат философских наук Үмбетқан Сәрсембин, Ph.D. Жандарбек Иманчиев, кандидат педагогических



«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар мен мамандар даярлау мақсатында құрылған. Бағдарлама академиялық оқу (магистратура, докторантура) мен әлемнің жетекші компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тағылымдамадан өтуді қамтиды. Құрылғаннан кейінгі уақыт ішінде «Болашақ» бағдарламасы еліміздің стратегиялық басымдықтарын негізге ала отырып, дамудың бірнеше көздерінен өтті.

2019 жылдың 31 мамырында Нұрсұлтан Назарбаев «Назарбаев Университетінің» бесінші түлектер легі мен еліміздің барлық ЖОО түлектерін оқуды бітіруімен құттықтай келе: «Түлектеріміз егемен елімізді өркендетіп, Қазақстанды заман талабына сай жаңғыртуға атсалысса екен деймін. Біздің көріп отырған болашағымыз, дүниежүзіндегі жағдай — білім мен ғылымы дамыған ел ғана озық бола алатынын, бәсекеге сай бола алатынын көрсетіп отыр. Соған дайын болу үшін мен сендерді дайындадым. «Болашақ» бағдарламасымен білім алған, осы университетті аяқтаған алдыңғы қатарлы жастар мемлекеттің әрбір саласында жұмыс істеп, елімізді болашаққа бастайды деп сенемін», — деген еді.

Ең алғаш рет 1994 жылы «Болашақпен» АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция елдеріне Қазақстаннан 187 студент білім алуға жіберілген. Жыл өткен сайын «Болашақ» бағдарламасының ауқымы мен үміткерлер саны артуда.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 6 мамырдағы қаулысымен «Болашақ» стипендиясын тағайындау бойынша күрделі өзгерістер жасалды. Үміткерлерді ұсыныс және негіздеме хаттары арқылы бағалау сондай-ақ, мемлекеттік тіл мен шет тілді білу деңгейін анықтау тесті алынып тасталды. Қазіргі негізгі 3 кезең: көшенді тестілеу, тәуелсіз комиссиямен сұқбат және қорытынды кезең. Нәтиже Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссиясының отырысынан кейін

белгілі болады. Тағы бір өзгеріс, 2020 жылдан бастап құжат тапсыру толықтай онлайн форматқа өтті.

«Болашақ» стипендиясына үміткерлер ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі бекіткен әлемдік университеттердің тізіміндегі бір университетті таңдауы қажет. 2021 жылдан бастап, әлемдік университеттер тізімі 1-ден 3 жылға бір-ақ жасалатын болды. Жаңартылған тізім бойынша, 2021-2023 жылдарда қазақстандықтарға әлемнің 27 елінің 207 университетінде білім алуға мүмкіндік берілді.

Тізімге енетін шетелдік университеттерді таңдауда QS World University Rankings, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education» үш халықаралық академиялық рейтингінің ең кемі екеуінің Top-250 қатарына енген ЖОО іріктеліп алынады.

Осылайша 29 жылдан бері «Болашақ» бағдарламасы табысты жүзеге асып келеді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Болашақ» стипендиясы — егемен Қазақстанның маңызды стратегиялық жобаларының бірі. Бағдарлама жүзеге асырылған 29 жыл ішінде 11 800-ден астам қазақстандық АҚШ, Ұлыбритания, Еуропа және Азияның үздік университеттерінде білім алды. Бүгінде «Болашақ» бағдарламасының түлектері түрлі салада еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. 900-ге жуық түлек денсаулық сақтау саласында қызмет етіп, жыл сайын он мыңдаған кардиохирургиялық және нейрохирургиялық операцияларды жасайды, дәрі-дәрмектер мен ауыр ауруларды емдеудің жаңа әдістерін ойлап табуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Болашақ» бағдарламасын қайта бағдарлау процесі басталды. Инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға басты назар аударылады», — деп жазды әлеуметтік "Facebook" парақшасында.

Қазақстанның бірегей брендіне айналған «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 25 түлегі Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде еңбек етіп жатыр.

Мұратбек Бағила Құрманбекқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. «Болашақтық». Әңгімеміз шетелде білім алып, тәжірибе толықтыру артықшылығы, бағдарламаның тұлғалық өсу мен дамуға әсері, жалпы ол таңдаған болашақ жайлы болмақ. Кездескен Гүлнара Қараша.

— Бағила ханым, «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелдік

☑ «Bolashak» international program



білім беру саласымен жақын танысқан санаулы оқытушылардың бірісіз. Бір ерекшелігі, (білім алуға ешқашан кеш емес, дегенмен) жасыңыздың ұлғайған кезінде, жүрексіңбей, бағдарламаға қатысуыңыз қызықтырады. Бұл сіздің жаңашылдыққа құмар жан-дүниеніңізді аңғартса керек...

— Жаңашылдық ілгері қадам басуыма, ізденісіме, ілгерілеуіме жол ашады. Кез келген жаңалығы бар-ау дүниені ой елегінен өткіземін және қажетті дейтін тұстарын жазып қойып, саралап барып, ой түйемін. «Болашақ» халықаралық бағдарламасы туралы ақпаратты толық қарап, конкурс жарияланғандығын, шарттарымен танысып, Серікпен (зайыбым — Серік Жұбадықұлымен) бөлістім. Серіктің түзу ниеті мен қолдауы қанат бітіргендей болды. Осы оқу орнына жұмысқа қабылданғанымда 26 жаста болдым, «Болашақ» бағдарламасының стипендиясының иегері атанғанымда 46-дамын. Дұрыс ойлай білетін адамның қолынан келмейтіні жоқ... Сол жолда күш қайраты мықты болса, адам дегеніне жетеді.

— Байқап жүрмін, сіз ылғи латын әліпбиін пайдаланасыз. Әдейі ме, әлде төселіп кеткенсіз бе? Белгілі бір мақсатқа да негізді шығар...

— Жазу — мәдениет айнасы. Негізі, студент кезімде «жазудың тарихы» (оның ішінде төте жазуды меңгергенім бар), қазір латын негізді қазақ әліпбиін қолданамын. 2017 жылдың 9 қазанында қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру (диграфты) жобасы, аталған жылдың 26-қазанында ҚР Президентінің жарлығымен екінші ұсынылған (апострофты) нұсқа ресми түрде мақұлданды. 2018 жылы 19 ақпанда латын негізіндегі қазақ әліпбиіне тү-

зету енгізілді. Бұл жоба «ақутты» нұсқа болды. 2021 жылы 28 қаңтарда жетілдірілген жаңа «умлаутты» нұсқа ұсынылды. Мен осы нұсқаны пайдаланатыным рас, өзіме қолайлы. «Көзшалым, жазылым, оқылым» және т.б. тілдік қатынас негіздері қалыптасады. Білім алушылар да үйренеді. Жалпы, түркі әлемін біріктіретін, әлемдік мәдениетке бастайтын құрал. Өзбекстанда болғанымда сабақ барысында латын негізді қазақ әліпбиін пайдаландым, ешқандай қиындық болмады. Ерекшеліктері бар, дегенмен, жазудағы ортақ графика да басым.

Латын әліпбиі біздің жазуымыздың тарихы. Латын әліпбиінде жазылған көптеген құжаттар мұрағаттарда сақтаулы. Латын әліпбиіне көшеміз дегенде біржақты пікірлер болды (оқи алмай қалады, қалып қояды және т.б.). Бірақ латын әліпбиі біз үшін таңсық дүние емес. Керісінше, бұрынғы жазу тарихымызға қайта ораламыз. Яғни латын әліпбиіне келген кезде дұрысы өзімізді қайта жаңғыртамыз. Сонымен қатар ол түркі тілдес елдердің қарым-қатынасын нығайтады, білім-ғылым саласындағы мол жетістіктерге бастайды. Бірақ, дефинициялық айырмашылығы бар енді...

— Шетелде алған әсерлеріңізді еске алсаңыз. Көбіне қандай сезім мен ой құшағында болдыңыз. Озық технологияға таңданыс, біздегі кенжолікке өкініш, т.б. дегенім ғой.

— «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша «Шығыстану» (Туркология) мамандығын Польшада, Адам Мицкевич атындағы университетте оқыдым. Тіл және мәдениетаралық коммуникацияны тану, бейімделу және поляк тілін аз-кем жазып оқитыным, кейін бірде таныс, кейде мүлдем бейтаныс тіл ретін-

де өз қиындықтары мол. Қос дауыссыз дыбыстан сөз басталады, мысалы, Dzień dobry (Қайырлы күн), Przemasz (кешірім сұрау), Szcześliwego Nowego Roku (Жаңа жылыңызбен!) немесе książki (кітап), torba (torebki) — қалта, дорба (кірме сөз), aula (акт залы) т.б. кез-келген қарапайым лексиканың ұзын қарптермен берілуі (салғастырмалы ерекшелік) бар. Тілдің табиғаты мен танымды өзгеше болды, қиындығы да бар. Студент кезімде поляк тілі, әдебиеті («Шетел әдебиетінің тарихы» пәні негізінде оқытылған еді) кейін осы жинақталған білім кереміне жарады. Поляк ақыны, А.Мицкевичтің досы А.Янушкевич «Қырғыз даласының күнделіктері мен жазбаларынан» басқа, жалпы, қазақ даласының реалийлеріне арнайы тоқталған. Қазақ фольклорының үлгілерін жазып, таныса келе, «қазақтың қуаты — сөзінде» деп ой түйеді.

МЕН ТАҢДАҒАН БОЛАШАҚ

Ұлттың басты ресурсы — тілі, тіл — қазына.

Классикалық филология: «Поляк тіліндегі түркізмдер» тақырыбы өте қызықтырды және қазір де жинақтаған материал, ізденістерім бар. Тілдік курс, тіл үйрену арқылы таным мен тілдің табиғаты, тілдік қабат, кірме сөздер және жалпы, поляктар еуропалық мәдениеттің үлгісіндей де көрінеді, бірақ, «көше тілінің» элементтерін де жиі қолданатындар бар. Білім және ғылымдағы классикалық жүйе, әдебиеттерге мән беру, оқулықтан басқа (ғылыми, анықтамалық және өзге де қажетті әдебиеттермен қамтылған) сабақта түрлі форматта жиі пайдалану, білім берудің барлық сатысында өзіндік ізденістер, тапсырмаларды еркін орындаулары ашық, жүйелі және міндетті де. Озық технологиясы сауаттылыққа негізделген, ешкімге еліктемей, классикалық модельді қолданатыны шынымен ұнады. Бөгде тіл, бөтен орта және мәдениеттер тоғысы да әрдайым сезілді.

Шетелдегі тағы бір ұнаған нәрсе — сенбі, жексенбі күндері сырттай оқыту формасы бойынша екі күн сабақ оқиды. Тілді терең меңгеру мақсатында ғылыми кеңесшімнің сабақтарын өткізіп жүрдім. Тағы бір ойымда жүргені, теміржол кассасынан бір билет сатып алып, Польшаның бүкіл қалаларын аралай алатындығыңыз. Қай станциядан отырсаңыз да теміржол қатынасы кез-келген бағытқа барады. Польшаның тарихы, мәдениеті және өзіңізге ұнаған ерекшеліктерімен танысасыз, ел ішін еркін аралауға мүмкіндік бар, сол арқылы ішкі ракурсын кеңейтіп, туризмді дамытып отыр. Адасып, басқа станциядан түсіп қалсаңыз да, келесі станциядан дәл сол билетпен міне бересіз, өйткені билет

сондай масштабты қамтиды және мінген станциядан түсуіңіз керек.

2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Польшаның астанасы Варшавада ҚР елшілігінің алдымен ұсынысы, сосын қолдауымен «Қазақстан — ұлттар ұйытқысы» тақырыбында қазақ тілінде баяндама жасадым. Жоғарғы оқу орындарының өкілдері және түрлі дәрежедегі қонақтар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, дипломатиялық қызмет өкілдері, арнайы маңызды жиынға қатысты. Мен өз кезегімде Қазақстанды таныстырып, еліміздің ұлттар ұйытқысы болып отырғанын, оның дәлелі ретінде қаншама ұлт пен ұлыстың тәту-тәтті, бейбіт өмір сүруі, білім беру салалары, ерекшеліктеріне арнайы тоқталдым. Кіріспе сөзімді поляк тілінде бастап, қалғанын қазақ тілінде баяндадым. А.Мицкевич университетінің

«Азия елдері тілдері» кафедрасының оқытушысы Карол Войцеховский ілесіп аударма жасады. Кафедрада ұжымы Каролді қазақ және қазақтанушы деп атайды. Баяндама барша жиналған қауымның көңілінен шығып, тұшымды пікір, ой, құттықтау сөздер де айтылды.

— «Болашақ» бағдарламасына байланысты соңғы кезде өкпелер айтыла бастады. Мақсатын ақтай алмады деген төрізді. Сіз қандай пікір қорытар едіңіз?

— Иә, сіздің не туралы айтып тұрғаныңызды түсіндім. Негізі бұйырса 2023 жылдың қарашасында «Болашақ» бағдарламасына 30 жыл. Бірақ оған жетпей қалуымыз мүмкін деген әңгімелерді де бірнеше рет естігенім. Мүмкін мынадай бірнеше негіздердің болуы шығар:

Біріншіден, жұрттың айтуынша «Болашақтықтар» 5 жыл жұмыспен өтеу мерзімі аяқталған соң белсенді түрде шетелге эмиграцияланып, көшіп кетіп жатыр. Мен бұған келіспеймін, өйткені «Болашақ» бағдарламасы бойынша бітірген мамандар өз мамандығы бойынша жемісті еңбек етіп жүр, бірқатарын білемін, араласып, кездесіп тұрамыз. Барлығы Қазақстанда тұрады, шетелде алған мамандықтары — мақтанашы!

Екіншіден, «Батыстық құндылықтарды қабылдаған кейбір түлек ұлттық құндылықтардан жериді», — деген де пікір бар. Өзім, ұлттық құндылықтарды бірінші орынға қоятындардың бірімін. Өйткені ұлттық құндылықтарымыз — ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы.

Үшіншіден, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесуінде бұл білім беру бағдарламасы жұмыс бағдарын өзгертетінін және кейбір тетіктері қайта қаралатынын, бағдар-

ланатынын айтқан болатын. Жаңашылдық, ілгері басу әрқашан керек. «Болашақ» бағдарламасы — Қазақстанның бренді. Тәуелсіздіктің елең-алаңынан-ақ шетелдік беделді оқу орындарында жастарымыздың білім алуына жол ашылды. Қоғамдағы ашықтық, пікір айту бағдарлама жүйесін одан әрі дамытып, көркейте түседі деген ойдамын.

— Көпшілік «Болашақ» бағдарламасына қол жетпес армандай қарайды. Қазір қатысу шарттары біраз оңтайландырылса да. Оларға не дейсіз?

— Иә, расымен биыл бағдарламаға бірнеше өзгерістер енгізілген болатын. Қазір шет тілін елде жүріп оқып-үйреніп, содан кейін оқитын елді таңдауға болады. Бұрын өзім осы бағдарламаға тапсырған кезде, мысалы, Түркия, Венгрия мемлекеттері тізімде болған жоқ. Қазір Түркияның бірнеше оқу орындары «Болашақ» халықаралық орталығымен келісім-шарт жасаған. Сондықтан түркі әлемінің тұтастығында да бұл бағдарлама үлкен рөл атқарып отыр.

Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасы қазір ауылдың жастарын, білімді жастарды қолдап, IT саласы, робототехника секілді дәл ғылымдар саласына басымдық беріп, гуманитарлық бағыттың да жаңа ізденістеріне жол ашып отыр. Әлемдік рейтингісі жоғары оқу орындарының саны да жүйеленді. Тілдік деңгей талаптары да жеңілдетілді.



Енді жастарға айтарым: «Оқу керек, іздену керек, ештеңеден қорықпай, алға қарай ұмтылу керек». Сіздер егер, тырысып, болашаққа мақсат қоя білсеңіздер, менің ойымша, ешкім «тәйт» демес. Барлығы өздеріңіздің қолдарыңызда!

— Шетелде алған тәжірибеңізді қандай бағытта қолданып жүрсіз? Алға ілгерілеуге септігі болды ма?

— Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы: Білім — бір құрал. Білімі көп адам — құралы сай ұста секілді: не істесе де келістіріп істейді, — деген сөзі менің барлық бағыттағы жұмыстарымның тамызығы. Болашаққа — кемел біліммен» десек, білімді бала алып та,

шалып та жығады. «Болашақ» халықаралық бағдарламасы біліміміздің қолданбалы сипатын арттыруға мүмкіндік берген «тәңірдің сыйы»! Білім берудің классикалық жүйесіне сай оқыту, озық тәжірибе, қолданбалы сипаты барлық жерде болуы мүмкін, бірақ, үйрен, қажеттісін ғана ал дегенді ұстанамын. Мамандығым — ұлттық тілі және әдебиеті. Ұлттық құндылықтар басты кредом.

Күнделікті тәжірибеде мен теориялыққа да, теорияның қолданбалы, практикалық жағына да көп мән беремін. Қазаққа керемет нақыл сөз бар: «Білімді алып та, шалып та жығады». Оқыту процесінде қай технологияны қолдансақ та осы жағына тереңірек мән беремін. Себебі оқыған, тоқығаны мол тұлға барлық ізденістерге ары қарай қадамдарды сенімді жасайды.

Мен таңдаған «Болашақ» бағдарламасы — жас, тәуелсіз мемлекетке қажетті мамандарды дайындаудағы, халықаралық білім берудің барлық деңгейлеріндегі бренд. Бұл бағдар-

ламаға рақметімді айтамын, соның арқасында бөтен мемлекетті таныдым, шетелдік білім-ғылым жүйесіндегі жаңалықтарды, ішкі ресурстарын, мәдениетін, тілін, тарихын тереңірек зерттедім және Еуропаның басқа да мемлекеттерін көруіме, аралау мүмкіндігіне ие болдым. Ендігі мақсат — шетелден алған осы білімді, тәжірибемді ұлт болашағына жұмсау.

— Шетелдік біліміңіз бен тәжірибеңіз еліміздің даму қарқынының артуы мен жандануына мол үлесін қоса беруіне тілектеспін. Жаңа жылда жаңа табыстар мен оң өзгерістер тілеймін!



Region

Арнайы беттер
Қарғалы ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



Қарғалы ауданы —
Ақтөбе облысының
солтүстігіндегі әкімшілік бөлік.
Орталығы — Бадамша ауылы.
Ауылдық округтер саны — 8
Ауыл саны — 15
Құрылған уақыты — 1934 жыл
Жер аумағы — 5 мың км²
Тұрғыны — 17107 адам (2019)
Ұлттық құрамы:
қазақтар (62,23%), орыстар
(19,02%), украиндар (9,99%),
немістер (4,45%), татарлар
(1,36%), басқалары (2,95%)



Асқар Жүсібалиев
Ақтөбе облысы
Қарғалы ауданының әкімі

Асқар Қазиханұлы Жүсібалиев 1963 жылы 23 тамызда дүниеге келген. Батыс Қазақстан облысындағы Ауыл шаруашылығы институтын "Агроном" мамандығы бойынша, Алматы экономика және статистика академиясын "Есеп және аудит" мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1985 жылы Ақтөбе облысы Исатай ауданы Ақырап совхозының агрономы болып бастады.

Қазақстан компартиясының Қобда аудандық комитетінің нұсқаушысы, бас агроном, ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, "Бестау" ЖШС-ның директоры болып еңбек етті. 2007 жылы Ақтөбе облыстық жер қатынасы басқармасы бастығының орынбасары, одан кейін ҚР аймақаралық жер инспекциясы агенттігінің Ақтөбе облысы және Батыс Қазақстан облысы басқармасының бастығы болды. 2011 жылдың сәуір айынан бастап Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімі.



ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Қарғалы ауданында жел электр станциясы жұмыс істейді. Қуаттылығы 48 МВт жел электр станциясының бірінші кезеңі 2019 жылы 18 желтоқсанда іске қосылды.

Жел электр энергиясы өндірісі жөніндегі бұл ірі жобаны итальяндық инвестор — «Eni» компаниясы «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы қолдауымен, «General Electric» компаниясымен бірлесіп жүзеге асырды.

«Eni» компаниясы үшін бұл жоба тың, бірінші рет осындай жобаны қолға алған екен. Ал құрылыс жұмыстарын «Art Wind» ЖШС атқарыпты. Бұл «Art Wind» ЖШС-ның да энергияның жаңғырмалы көздері саласындағы бірінші жобасы.

Жел электр энергиясының қуаттылығы 48 МВт құрайды, бұл 13 жел турбиналық генераторы ауқымын қамтиды. Инвестиция көлемі 100 миллион доллар шамасында немесе бұл қаржы құрылыстың басталуында 33 миллиард теңгені құрады. Жел электр станциясы екінші жоба бойынша электр энергиясын коммерциялық негізде өндіруді бастайды. Станция 25 жыл ішінде жыл сайын 198 ГВт-с электр энергиясын өндіретін болады деп жоспарланған.

Мамандардың айтуынша жылу электр станциясы жобасын жүзеге асыру атмосфераға көмірқышқыл газын шығаруды жылына 172 мың тоннадан астам ауқымда азайтуға мүмкіндік береді. Ел болашағы жасыл экономикада.

ҚЫЗЫЛТАМ КЕСЕНЕСІ

Қарғалы ауданында Асан қайғының ұлы Абат-Байтақ кесенесімен тұспа-тұс салынған Қызылтам кесенесі XVI-XVII ғасырларда салынған. Қарғалы су қоймасының жағасында, Ақтөбе қаласының солтүстік-шығысына қарай 56 шақырым қашықтықта орналасқан. Я.Я. Полферов жазған аңыз бойынша Хиуа ханы Араб-Мұхаммедтің қалмақ ханы Бадмайдің қызына сәтсіз құда түсуімен байланысты екен. Екі ғашық құздан құлап, қайтыс болған. Ал ауыл халқы екі ғашыққа арнап ескерткіш белгі ретінде Қызылтам кесенесін салады. Бір жағынан бұл жағалбайлылар руының жері болған. Келушілер кесенеге қолын тигізіп, арман-тілектерін айтады екен.



Сәулеті күрделі, құрылымы ерекше Қызылтам кесенесін Абат-Байтақ кесенесімен салыстыруға болады. Қызылтам кесенесі — төртбұрышты жоспарлы кесене. Ескерткіштің ең биік тұсы — 3,75 м.

Кесенеге екі ғашық жерленбеген, бұл тек олардың кіршіксіз махабатына салынған ескерткіш ретінде қызыл кірпіштен тұрғызылған.

Қызылтам кесенесі 1975 жылдан бері мемлекет бақылауында.

БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ



ҚАСҚЫР САРҚЫРАМАСЫ

Сарқырама Орал мен Мұғалжар тауларының түйісетін Азия мен Еуропаның шекарасында орын тепкен. Ақтөбе облысындағы ең тартымды туристік орындардың бірі. Мұнда жылына 500 мыңнан астам турист келіп тамашалайды. Қасқыр сарқырамасы Қарғалы ауданының бел ортасында, тау жартастары мен төбешіктердің, ормандар мен көлдердің арасындағы көркем шатқалда орналасқан.

Қасқыр сарқырамасын Ащылысай деп те атайды. Себебі, оны Ащылысай (бұрынғы Григорьевка) деп аталатын ауылға жету арқылы ғана табуға болады. Қасқыр (немесе Ащылысай) сарқырамасы өткен ғасырдың 70-ші жылдары пайда болған. Сол тұста Эбита өзенінің шатқалында үлкен Ащылысай теңізінен немесе БАМ-нан келетін суға, басқаша айтқанда мұз суына арналған жасанды су ағар жасау шешімі қабылданған. Эбита өзені содан кейін Оралға құяды.

Сарқырамаға «қасқыр» атауының тіркесуі кейіннен шыққан аңыздардан пайда болған. Сондай бір аңыз желісі бойынша, әр түн сайын өзен шатқалына сарқыраманың қатты ағынымен шайылып кеткен күшіктерін жоғалқан қасқыр келеді екен. Кейбір саяхатшылар алыстан аңның зарлы ұлыған даусын естігендерін де айтады.

Сарқыраманың бар әдемілігін тек көктемде, Батамшин-Әлімбет үстіртінің шыңдарындағы қалың мұздықтар еріген кезде көруге болады. Судың мұздай болатыны соншалық аяқ буындары тартылып қалады. Есесіне сарқыраманың салқынымен демалып, сұлу табиғатты сағаттап тамашалауға болады. Демалушылар ұзақ жолдан кейін қайың мен қандыағаш тоғайында ұзақ серуендейді.

Сарқырамаға барудың ең жақсы уақыты — сәуірдің аяғынан маусымның аяғына дейін, содан кейін сарқырама кеуіп кетеді.

Сарқырама Ақтөбе қаласынан 120 км қашықтықта орналасқан. Эбита өзені ағып жатқан Қарғалы шатқалына жету үшін алдымен Ащылысай ауылына жету керек. Ол Орск тас жолы бойында Ақтөбеден жүз шақырым жерде орналасқан. Осы жерге дейін Ақтөбе-Орск бағыты бойынша жүретін қала аралық автобуспен жетуге болады. Жол шамамен екі сағатты алады. 103-ші шақырымнан түсіп, сарқырамаға қарай жаяу жүру керек. Ащылысай ауылынан солға, Орал тауларына қарай бағыт ұстап, шамамен үш километр жаяу жолды жүріп өтуге тура келеді.

Орманда, сарқыраманың жанында дымқыл және салқын болғандықтан қосалқы шұлық пен сыртқы киім алған жөн. Сонымен қатар сарқыраманың басында тамақтану үшін азық-түлік алуға болады. Егер саяхат кезінде түнеу қажет болса Ащылысай ауылында қонақ үйлер, дәмхана бар. Жеке көлікпен жүрген саяхатшылар жанармай құю станциясын пайдалана алады.

Мұнда «Байқұла» шаруа қожалығы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 49,4 млн теңгеге инфрақұрылымды дамыту жұмысын жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда 4 киіз үй, 2 глэмпинг, 2 катамаран және 2 қайық сатып алынған. Сарқырамаға бақылау көпірі тұрғызылды. Енді үйлер мен монша да салынбақ. Осылайша мемлекеттік бағдарлама мен гранттың арқасында Қасқыр сарқырамасы Қасқыр сарқырамасы Ақтөбе облысындағы экотуризм аймағына айналады.



Region

Арнайы беттер
Қарғалы ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

ҚАРҒАЛЫ ТҰНЫҚ ТАБИҒАТТЫ, ТЫНЫШТЫҚ МЕКЕНІ

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде Қарғалы ауданынан 136 студент бакалавриатта оқып жатыр.

Жанетта Қадыр "Музыкалық білім" бағдарламасының 3 курс студенті. Студенттік "Ақжелең" ұлт-аспаптар оркестрінің баяншысы. Туған жерін, туған үйін, білім алып жүрген университетін мақтанш тұтады. Ұстанымы берік, ісі тыңғылықты, сезімтал жаспен әңгімесі жарасқан Гүлнара Дауылбайқызы.

— Жанетта, Жаңа жыл келді. Қайда, қалай қарсы алуды ұнатасыз?

— Келіп жеткен жаңа жыл мейрамымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Жалпы жаңа жылды мен алғыс пен шүкіршілік мейрамындай қабылдап келемін. Бала күнімнен жаңа жылдық кешкі асты отбасымызбен бірге дайындап, көңілді отырып қарсы алуды дәстүрге айналдырғанбыз. Отбасылық мейрам ретінде атап өтеміз.

— Қарғалы ауданынан келіп, оқып жатыр екенсің. Қарғалыны облыс аймағындағы табиғаты ең сұлу жер дейді. Баяндап берсеңіз.

— Әр адамға өз туып өскен жері жұмақтай көрінеді ғой. Қарғалы мен үшін тыныштық мекені. Таза балғын бұлағы мен таулары, қою жасыл ормандары Қарғалы ауданына алғаш келген бір де бір адамның назарын тыс қалдырмайды. Сонымен қатар осы соңғы бес жылдықта танымал болған "Қасқыр сарқырамасы" туралы айтпай кетуге болмайды. Сарқырама



Ақтөбе қаласынан 120 км жерде орналасқан. Қазіргі кезде Ақтөбе облысында туризм саласының дамуына оңынан әсер етуде. "Қасқыр сарқырамасы" көктем айларында ерекше демалу аймағына айналады. Ауасы кең, таза, бұл жерде ауайы көбіне жаңбырлы болып келеді. Қоңыр желі жанға рахат сыйлайды.

— Оркестрде жұмыс істеу қиын ба? Студенттік ұлт-аспаптар оркестрінің мүшесі екенсің.

— Университет жанынан құрылған "Ақжелең" студенттік ұлт-аспаптар оркестрінің 1 курстан бері құрамындамын. Баян аспабында ойнаймын. Аптасына екі рет жиналып, репетиция жасаймыз. Оркестр репертуарында көптеген танымал күйлер бар. Маған оркестрде жұмыс істеу қиындық тудырмайды. Керісінше тұлға ретінде ашылуыма мейлінше ықпал етті.

Университетке түскенде алғаш болып группаластарымнан бөлек танысқан адамдар осы оркестр ұжымы болатын. Ұжымда әртүрлі факультет студенттері болғандықтан университетімізді жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Оркестр жетекшісі, Райымбергенов Әбдрашид ағай әр репетиция кезінде тәрбиелік мәні зор әңгімелер айтады, біздің адами-рухани жетілуімізге, дамуымызға септігі мол. Оркестрде жүріп студенттік

шағым жарқын өтіп жатыр деп айта аламын.

Түрлі концерттерде өнер көрсету, іс-шараларға қатысу, өзімізге деген сенімімізді ұлғайтып, бойымызды еркін ұстауға, сахнадан қорықпай өнер көрсетуге үйретті. Әрқайсымыз әр түрлі болсақ та, өмірге көзқарасымыз, таңдаған мамандығымыз, бізді біріктіретін күш — музыка, оркестрдегі дайындық уақыты. Оркестрге "Аспабымда жетік ойнай алмаймын", — деп келген студенттің өзі өзгелерді көріп, шабыттанып, талпынып, шығармашылық табыстарға жетіп жатыр. "Ақжелең" студенттік ұлт-аспаптар оркестрі менің студенттік шағымның ең ұмытылмас кезеңі, тіпті негізгі кезеңі деп айтар едім.

— Сізді түрлі шығармашылық конкурстардың жеңімпазы деді. Жеке де өнер көрсетесіз бе?

— Иә, түрлі шығармашылық конкурстарда баян аспабында жеке өнер көрсетіп қатысқанмын. Соның ішінде есімде қалғандары "Ақбөбек-3" республикалық шығармашылық байқауы, "Кеңдала", "Жаңа толқын" республикалық байқаулары, "Современная методика и педагогика баянистов и аккордеонистов" халықаралық байқауы. 1 курста оқып жүргенімде Алиева Арайлым Қуандықызының жетекшілігімен "Жасstar" республикалық музыкалық өнер байқауында өнер көрсеткенмін.

— Болашақ мамандығыңыз музыка пәні мұғалімі. Бекер таңдамаған боларсыз?

— Мен оқушы кезімнен музыкамен айналысқанмын. Қарғалы аудандық балалар өнер мектебін 5 жылдық баян аспабы бойынша тәмамдадым. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында баян аспабы бойынша 2 апталық шеберлік-класынан өттім. Музыкамен айналысып келе жатқаным биыл 11 жыл болады.

Өмірде адамның жүрегі қалаған таңдауы болса, тек соның артынан жүруі хақ екен. Мен бала күнімнен айналысып келе жатқан өнерді өмірлік серігім болады деп ойламаппын.

Музыка мектебінде оқып жүргенімде ұстазым болған Загладов Николай Федорович менің музыкаға деген құштарлығымды еселеді. Мүлдем бөлек әлем екенін ұқтырды. Орта білім беретін мектепте сабақтан озат болдым. Ондай оқушылардан ата-аналары, ұстаздары көп нәрсе күтеді. 11-класста оқып жүргенімде музыкаға қатысты мамандыққа түссем екен деп көп армандайтынмын. Іштей соған дайындалып та жүрдім.

Бірақ мамандық таңдауда соңғы шешімнің кезі келген кезде медицина саласына баруға бел будым. Осылайша, 2019 жылы М.Оспанов атындағы Ақтөбе медицина университетіне грантқа оқуға түстім. Мүмкін бұл тағдырдың бұйырқағы шығар деп қабылдап, 6 ай оқыдым. Бірақ, жүрек қаламады. Ол оқуды тастаймын дегенде көп адам мені қолдамады. Бірақ мен өмірімдегі қадамдарым өз таңдауым бойынша болғаны дұрыс деп ойлады. Бір жыл үзіліс жасап, дайындалып, осы өңірлік университетке, "Музыкалық білім" бағдарламасы бойынша грантқа оқуға түстім. Қазір 3 курс студентімін. Мен өз таңдауыма еш өкінбеймін. Болашақта қандай жағдай болмасын, музыкамен айналыссам да, мүмкін басқа салаға кетіп қалсам да, мен бұл шешіміме еш өкінбейтін боламын. Себебі, адам бір күн өмір сүрсе де, өз жүрек таңдауымен құрылған өмірін сүруі керек. Бұл — менің ұстанымым!

— Келер жылға қандай тілек айтқыңыз?

— Келер жылы барша жанның отбасында амандық пен бақыт болғанын, бастайын деп жүрген істеріне береке бітіп, табыстары еселене түскенін, армандарының орындалғанын тіледім.

Адамның өмірі жақсы болса, жүрегі де ізгі болады.

☑ Main news



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ — МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 16 маусымында өткізілген Ұлттық құрылтайдың I отырысында сөйлеген сөзінде "Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн.

Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек.

Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек.

Саяси реформаны мерекелер күнтізбесімен ұштастыруымыз бекер емес. Бұл қадам қоғамды жаңғыртады және ел бірлігін нығайта түседі деп санаймын", — деген болатын.

Қыркүйек айының ортасында Қазақстан Республикасының Парламенті «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға түзетулер енгізді. Құжатқа сәйкес, "25-қазан — Республика күні" ұлттық мереке, ал "16-желтоқсан — Тәуелсіздік күні" мемлекеттік мереке болып белгіленді.

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетінде өткен "Желтоқсан шежіресі — еліміздің мәртебесі" тақырыбындағы Желтоқсан оқиғасы құрбандарын еске алу шарасында талантты студенттер театрландырылған қойылым қойды. Қойылымды қараған шараға қатысушылар сонау 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының суық ызғарын сезді, сол күндердің бүгінгі мәнін санадан өткізді, жүрегімен түсінді.

Шарада Желтоқсан оқиғасы куәгерлеріне құрмет көрсетілді. Университетте қызмет жасап жатқан олардың алды зейнет жасорда.

Қауым алдында сөйлеген ректор Лаура Қарабасова негізгі ойын білім алушы жастарға бағыттады. "Оңайлықпен келмеген еліміздің тәуелсіздігі баянды болу үшін бұл мерекені атап өту жеткіліксіз. Тәуелсіздік тұғыры білімді, кәсіби құзіреті жоғары, жақсы маманмен нығаяды. Сондықтан сіздердің алдыңызда тұрған маңызды міндет — осы", — деді ЖОО басшысы.

ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ — ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПРАЗДНИК

В своем выступлении на I заседании Национального Курультая, состоявшемся 16 июня 2022 года, глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил: "Для модернизации исторической памяти страны особенно важно иметь гармоничную политику. В этой связи, мы должны установить новые приоритеты развития государства. Следует внести ряд изменений в перечень национальных праздников и памятных дат.

Предлагаю вернуть Дню Республики статус национального праздника. Поэтому 25 октября мы должны ежегодно отмечать День суверенитета. Это главный праздник нашей страны.

25 октября 1990 года была принята декларация о суверенитете Казахстана. Это был первый шаг нашей страны к независимости. При принятии этого документа первый Президент Нурсултан Назарбаев сыграл очень важную и даже решающую роль.

День республики должен стать символом исторического шага страны к построению государства.

Конечно, первоначальное значение Дня независимости сохраняется. Этот день остается государственным праздником. Но будет отмечаться как День памяти наших национальных героев, внесших большой вклад в обретение независимости.

Не зря мы совмещаем политическую реформу с календарем праздников. Считаю, что этот шаг модернизирует общество и укрепляет единство страны".

В середине сентября Парламент Республики Казахстан внес поправки в закон "О праздниках в Республике Казахстан". Согласно документу, День Республики 25 октября — национальный праздник, а День Независимости 16 декабря — государственный праздник.

В Актюбинском региональном университете Zhubanov University прошло мероприятие, посвященное памяти жертв Декабрьских событий. Талантливые студенты подготовили театрализованное представление. Посмотревшие постановку участники мероприятия почувствовали холод Декабрьских событий, осознали сегодняшнюю суть истории конца 1986 года.

На мероприятии чувствовали свидетелей Декабрьских событий, работающих в университете. Многие из них достигли пенсионного возраста.

Выступая перед собравшимися, ректор Лаура Карабасова определила основную роль обучающейся молодежи в развитии общества.

"Для того, чтобы независимость нашей страны была крепкой, недостаточно отмечать лишь

этот праздник. Независимость укрепляется образованным, высокопрофессиональным поколением. Поэтому перед вами стоит важная задача", — сказала руководитель вуза.

INDEPENDENCE DAY IS A PUBLIC HOLIDAY

In speech at the 1st meeting of the National Kurultai, held on June 16, 2022, Head of State Kassym-Jomart Tokayev noted: "To modernize the country's historical memory, it is especially important to have a harmonious policy. In this regard, we must establish new priorities for the development of the state. A number of changes in the list of national holidays and memorable dates. I propose to return the status of a national holiday to Republic Day. Therefore, on October 25, we must annually celebrate Sovereignty Day. This is the main holiday of our country.

On October 25, 1990, a declaration on the sovereignty of Kazakhstan was adopted. It was the first step of our country towards independence. In adopting this document, the first President Nursultan Nazarbayev played a very important and even decisive role. Republic Day should become a symbol of the country's historic step towards building a state.

Of course, the original meaning of Independence Day is preserved. This day remains a public holiday. But it will be celebrated as the Day of Remembrance of our national heroes who made a great contribution to gaining independence.

It is not in vain that we combine political reform with the holiday calendar. I believe that this step will modernize society and strengthen the unity of the country."

In mid-September, the Parliament of the Republic of Kazakhstan introduced amendments to the law "On holidays in the Republic of Kazakhstan". According to the document, Republic Day on October 25 is a national holiday, and Independence Day on December 16 is a public holiday.

An event dedicated to the memory of the victims of the Zheltoksan protest was held at the Aktobe Regional Zhubanov University. Talented students prepared a theatrical performance. The participants of the event who watched the production felt the chill of the December events, realized the essence of today's history of the end of 1986.

Witnesses of the Zheltoksan protest, working at the university, were honored at the event. Many of them have reached retirement age.

Speaking to the audience, the rector Laura Karabasova identified the main role of young people in education in the development of society.

"In order for the independence of our country to be strong, it is not enough to celebrate only this holiday. Independence is strengthened by an educated, highly professional generation. Therefore, you face an important task," the head of the university said.



ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРША

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңажылдық шыршасына Ақтөбе облысының барлық аудандары мен Ақтөбе қаласынан 9 бен 13 жастың аралығындағы 200 бала қатысты. Қатысушылар арасында көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларының балалары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мүгедек балалар бар.

Мерекелік шарада облыс әкімі Ералы Тоғжанов шыршаға жиналған балаларға ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. «Биылғы жыл қоғамның жас мүшелерін қолдауға арналды. Сіздер лайықты тәрбие алсын, ұлттық тамырынан ажырамасын, заманға бейім болсын, бос уақытын пайдалы өткізсін, қажет-

ті ем-домын еш кедергісіз алсын, арман-қиялының шындыққа айналарына сенсін деген мақсатпен қаншама ауқымды шаралар атқарылып жатыр, болашақта да жалғасын таба бермек. Өңір басшысы ретінде мен, әрдайым балаларға арналған жобаларға қолдау көрсетіп, армандарыңыздың орындалуына жағдай жасап келемін. Менің сіздерге артар үмітім зор және ертеңгі күні облысымыз бен мемлекетіміздің атын шығаратын, елге танытатын азаматтар боласыздар деп сенім білдіремін», — деді облыс әкімі жаңа жылдық өз құттықтауында.

Президенттік жаңажылдық шыршада балаларды Ақтөбенің мақтаншы, әлем жұлдызы Димаш Құдайберген, қазақстандық зілтемірші, әлем чемпионы Илья Ильин, Ақтөбеде жыл сайын өтетін «Бақытты бала» халықаралық ән байқауының биылғы жеңімпазы Давид Чарлин құттықтады.

ПРЕЗИДЕНТСКАЯ НОВОГОДНЯЯ ЕЛКА

В новогодней елке Президента Республики Казахстан приняли участие 200 детей в возрасте от

Басты жаңалықтар

9 до 13 лет из всех районов Актюбинской области и города Актобе, это дети из многодетных и малообеспеченных семей, дети-сироты, оставшиеся без попечения родителей, дети с ограниченными возможностями здоровья.

Аким области Ералы Тугжанов поздравил детей от имени Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

«Этот год был посвящен поддержке подрастающего поколения, чтобы вы получили достойное воспитание, не отрываясь от национальных корней, адаптировались к современности, с пользой проводили свободное время, верили в свои мечты. Были реализованы масштабные мероприятия, которые найдут продолжение и в дальнейшем. Как аким области, я всегда буду поддерживать проекты, направленные на ваше развитие и будущее. Я очень верю в вас. Уверен, что завтра вы будете теми гражданами, которые внесут свой вклад в развитие области и государства в целом», — сказал аким области в своем новогоднем поздравлении.

На президентской новогодней елке ребят поздравили всемирно известный певец, гордость Актобе Димаш Кудайберген, казахстанский тяжелоатлет, чемпион мира Илья Ильин, победитель ежегодного международного песенного конкурса «Бақытты бала» Давид Чарлин.

NEW YEAR PRESIDENTIAL TREE

Tree 200 children aged 9 to 13 from all districts of the Aktyobinsk region and the city of Aktyobinsk took part in the New Year's party of the President of the Republic of Kazakhstan, these are children from large and low-income families, orphans left without parental care, children with disabilities.

Akim of the region Yeraly Tugzhanov congratulated the children on behalf of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev.

"This year was dedicated to supporting the younger generation, so that you get a decent upbringing, not breaking away from national roots, adapting to the present, spending your free time usefully, and believing in your dreams. Large-scale events were implemented, which will be continued in the future. As akim of the region, I will always support projects aimed at your development and future. I have great faith in you. I am sure that tomorrow you will be those citizens who will contribute to the development of the region and the state as a whole," said the regional akim in his New Year's congratulations.

At the presidential New Year tree, the children were congratulated by the world-famous singer, pride of Aktyobinsk Dimash Kudaibergen, Kazakhstani weightlifter, world champion Ilya Ilyin, winner of the annual international song contest "Bakytty Bala" David Charlin.

"ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ-2022" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРДЫ

Конкурсқа қатысушылар ішінде 43 ЖОО-ның 150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Zhuanov University 3 оқытушысы жеңімпаздар тізімінде.

"Материалдардың радиациялық физикасы" орталығының жетекшісі, профессор Қуанышбек Шүңкеев бұл конкурста осымен 2-ші рет жеңімпаз. Танымал физик 2011 жылы да аталған конкурста үздіктер қатарында болған еді.

Жеңімпаздар ішінде "География және туризм" кафедрасының аға оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты, доцент Айгүл Сергеева бар. Сондай-ақ жас ғалым, "Физика" кафедрасының меңгерушісі, Ph.D. Зухра Аймағанбетова да конкурс жеңімпазы.

Конкурс жыл сайын оқытушы кәсібінің бөлініп арттыру және оларды одан әрі кәсіби дамытуға ынталандыру мақсатында өткізіледі.

«Конкурсқа еліміздің 71 жоғары оқу орнынан барлығы 775 үміткер қатысты. Конкурста электронды оқу ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т.б. сияқты көрсеткіштер, сондай-ақ үміткердің оқыту сапасы, оның бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кадрлар даярлау жөніндегі еңбегі бағаланды», — деп атап өтті ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев конкурс нәтижесі туралы.

Конкурс нәтижесінен соң жеңімпаздардың әрқайсына 6 млн теңгенің сертификаты мен "2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" конкурсының жеңімпазы төсбелгісі ресми түрде ел астанасы — Астанада табысталын болады.

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА «ЛУЧШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ВУЗА-2022»

Среди участников конкурса победителями названы 150 преподавателей из 43 вузов. В списке лучших 3 преподавателя Zhuanov University.

Руководитель Центра «Радиационной физики материалов», профессор Куанышбек Шункеев стал победителем этого конкурса во 2-й раз. Известный физик был одним из лучших конкурсов еще в 2011 году.

Среди победителей также старший преподаватель кафедры «География и туризм», кандидат географических наук, доцент Айгүл Сергеева. Звание лучшего получил и молодой ученый, заведующий кафедрой «Физика», Ph.D. Зухра Аймағанбетова.

Конкурс проводится ежегодно с целью повышения престижа профессии преподавателя и стимулирования их дальнейшего профессионального развития.

«Всего в конкурсе приняли участие 775 кандидатов из 71 вуза страны. На конкурсе оценивались такие показатели, как разработка и публикация электронных учебных ресурсов, учебных материалов, научные публикации в отечественных и международных журналах, наличие патентов на изобретения, а также качество обучения кандидата, его заслуги по подготовке кадров в бакалавриате, магистратуре и докторантуре», — отметил вице-министр науки и высшего образования Куаныш Ергалиев, говоря о результатах конкурса.

По итогам конкурса каждому из победителей будет официально вручен сертификат на 6 млн тенге и нагрудный знак победителя конкурса «Лучший преподаватель вуза 2022 года» в столице страны - Астане.

THE RESULTS OF THE REPUBLICAN COMPETITION "THE BEST LECTURER OF THE UNIVERSITY-2022" WERE SUMMED UP

Among the participants of the competition, 150 lecturer from 43 universities were named winners. In the list of the best 3 teachers of Zhuanov University.

The head of the Center for Radiation Physics of Materials, Professor Kuanyshbek Shunkeev became the winner of this competition for the 2nd time. The famous physicist was one of the top of the competition back in 2011.

Among the winners is also a senior lecturer of the department "Geography and Tourism", candidate of geographical sciences, associate professor Aigul Sergeeva. The title of the best was also given to a young scientist, head of the Department of Physics, Ph.D. Zuhra Aimagambetova.

The competition is held annually with the aim of increasing the prestige of the lecturer profession and stimulating their further professional development.

"In total, 775 candidates from 71 universities of the country took part in the competition. The competition assessed such indicators as the development and publication of electronic educational resources, educational materials, scientific publications in domestic and international journals, the availability of patents for inventions, as well as the quality of the candidate's education, his merits in training in undergraduate, graduate and doctoral studies," — noted Vice Minister of Science and Higher Education Kuanysh Yeraleev, speaking about the results of the competition.

Following the results of the competition, each of the winners will be officially awarded a certificate for 6 million tenge and a badge of the winner of the competition "The Best University Lecturer 2022" in the capital of the country - Astana.

✓ Главные новости

✓ Main news

АМАНГЕЛДІ АЙТАЛЫ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ

Мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Амангелді Айталы атындағы тарих кабинеті Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қалалық №1 орта мектебінде 2019 жылы ашылған. Кабинеттің ашылуына Амангелді Әбдірахманұлының өзі қатысып, салтанатты іс-шараға жиналған ұстаздар қауымына елдің болашағы үшін жас ұрпақтың техникалық білімге назарын аудару қажеттігін, жастардың білім, тәрбие, жалпы барлық жағынан бәсекеге қабілетті болуы керектігін айтып, жастарға сенімін жеткізген.

А.Айталы атындағы тарих кабинетіне ілінген үлкен стендте ғалымның енегелі өмірінен жазбалар мен фотосуреттер көрсетілген.

Амангелді Әбдірахманұлы Айталы 1939 жылы 10 қыркүйекте Ресейдің Астрахан облысы Володарск ауданына қарасты Болдырево ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Атырау педагогикалық институтын, 1967 жылы ҚазҰУ-дың аспирантурасын тәмамдаған.

1999-2004 жылдар аралығында екінші шақырылымдағы және 2004-2007 жылдардағы үшінші шақырылымдағы ҚР Парламентінің депутаты.

Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Грамотасымен марапатталған, «Құрмет» белгісі, «Парасат» орденінің иегері. Ақтөбе қаласының және Ақтөбе облысының Құрметті азаматы.

Қажырлы қызметімен еліміздің өркендеп дамуына, ұрпақ тәрбиесіне зор үлесін қосқан Амангелді Айталы 83 жасында өмірден озды. Марқұммен қоштасу ол ұзақ жыл еңбек еткен Zhupanov University Ақтөбе өңірлік университетінің бас ғимаратында өтті.

Қаралы жиынға Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов, Маңғыстау облысының әкімі Нурлан Ногаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманғали Бердалинов, ақын, журналист Хан-Биби Есенқарақызы, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов, Zhupanov University ректоры Лаура Қарабасова, сондай-ақ марқұмның жақындары мен университет ұжымы қатысты.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлтжанды тұлғаның өр бейнесі мәңгі жадымызда қалады. Ал оның рухани салмақты ойлары бен парасатты пайымдары адамзатқа жол көрсетер бағдаршамай құнды дүниелер болып сақталары анық.

КАБИНЕТ АМАНГЕЛЬДЫ АЙТАЛЫ

Кабинет истории имени государственного и общественного деятеля, доктора философских наук, профессора, академика Академии общественных наук РК Амангельды Айталы был открыт в 2019 году в средней школе №1 города



Кандыағаш Мұғалжарского района. На открытии кабинета присутствовал сам Амангельды Абдрахманович, который рассказал собравшимся на торжественном мероприятии педагогам о необходимости привлечения внимания молодого поколения к техническим знаниям для будущего страны, о том, что молодежь должна быть конкурентоспособной во всех аспектах образования и воспитания, в целом. На большом стенде, вывешенном в кабинете истории им. А. Айталы, представлены записи и фотографии из жизни ученого.

Амангельды Абдрахманович Айталы родился 10 сентября 1939 года в селе Болдырево Володарского района Астраханской области России. В 1964 году окончил Атырауский педагогический институт, в 1967 году аспирантуру КазНУ.

С 1999 по 2004 годы - депутат Парламента РК второго созыва и с 2004 по 2007 годы - третьего созыва.

Награжден грамотой Верховного Совета Казахской ССР, знаком "Құрмет", орденом "Парасат". Почетный гражданин города Актобе и Актюбинской области.

Своей кропотливой деятельностью внес большой вклад в процветающее развитие страны, воспитание поколений.

Амангельды Айталы скончался в возрасте 83 лет. Прощание с ученым прошло в главном корпусе Актюбинского регионального университета Zhupanov University, где он много лет проработал.

В церемонии прощания приняли участие аким Актюбинской области Ералы Тугжанов, аким Мангистауской области Нурлан Ногаев, депутат Мажилиса Парламента РК Аманғали Бердалинов, поэт, журналист Хан-Биби Есенқарақызы, председатель Управляющего комитета Астанинского хаба государственной службы Әлихан Байменов, ректор Zhupanov University Лаура Қарабасова, а также родные Амангелды Абдрахмановича и коллектив университета.



В нашей памяти навсегда останется образ выдающегося государственного и общественного деятеля, известного ученого, великого учителя, националистической личности. А его духовно взвешенные мысли и разумные рассуждения, безусловно, являются ценными вещами, указывающими путь человечеству.

CABINET OF AMANGELDY AITALY

The Cabinet of History named after the statesman and public figure, Doctor of Philosophy, Professor, Academician of the Academy of Social Sciences of the Republic of Kazakhstan Amangeldy Aitaly was opened in 2019 in school No. 1 of the city of Kandyagash, Mugalzhar district. Amangeldy Abdrahmanovich himself attended the opening of the office, who told the teachers gathered at the solemn event about the need to attract the attention of the younger generation to technical knowledge for the future of the country, that young people should be competitive in all aspects of education and upbringing, in general. On a large stand posted in the history office named after A. Aitaly, records and photographs from the life of a scientist are presented.

Amangeldy Abdrahmanovich Aitaly was born on September 10, 1939 in the village of Boldyrev in the Volodarsky district of the Astrakhan region of Russia. In 1964 he graduated from the Atyrau Pedagogical Institute, in 1967 he completed postgraduate studies at KazNU.

From 1999 to 2004 - Deputy of the Parliament of the Republic of Kazakhstan of the second convocation and from 2004 to 2007 - of the third convocation.

He was awarded a diploma of the Supreme Council of the Kazakh SSR, the badge "Kurmet", the order "Parasat". Honorary citizen of the city of Aktope and Aktope region.

With his painstaking work, he made a great contribution to the prosperous development of the country, the upbringing of generations.

Amangeldy Aitaly died at the age of 83. The farewell to the scientist took place in the main building of Aktope Regional University Zhupanov University, where he worked for many years.

Akim of the Aktope region Yerally Tugzhanov, akim of the Mangistau region Nurlan Nogaev, deputy of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan Amangali Berdalyn, poet, journalist Khanbibi Esenkarakyz, chairman of the Steering Committee of the Astana Civil Service Hub Alikhan Baimenov, rector of Zhupanov University Laura Karabasova, as well as relatives of Amangeldy Abdrahmanovich and the staff of the university took part in the farewell ceremony.

The image of an outstanding statesman and public figure, a famous scientist, a great teacher, a nationalist personality will forever remain in our memory. And his spiritually balanced thoughts and reasonable reasoning, of course, are valuable things that show the way to humanity.

Басты жаңалықтарды дайындаған
Айерке Сұлтанбекова

☑ New Years greetings

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова университет қызметкерлерінің бір тобына алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Батыс Қазақстандағы ең ірі бұл жоғары оқу орнында профессор-оқытушы құрам мен білім алушылардан өзге түрлі сала қызметінің үлкен жасағы еңбек етеді. Олардың университеттің дамуы мен жетістігіне қосар үлесі зор. ЖОО басшысы оларды санаулы күндерден соң жететін Жаңа 2023 жылмен құттықтап, дендеріне саулық, отбасына амандық, жұмыстарына абырой тіледі. “Алғыс хатын” табыстады.

Гүлжан Аребаева Студенттер сарайында еден жуушы болып еңбек етеді. Бұл зәулім ғимаратта университеттің ауқымды шаралары өтеді. Гүлжан апай мұнда 15 жылдан бері ғимарат тазалығын сақтауға үлес қосып жүр. “Жақында зейнет жасына жеттім. Еңбегіме алғыс мен үшін үлкен қуаныш. Ректорға мерекелік дастархан басында рақметімді айттым. Жаңа жылды осылай көтеріңкі көңіл күймен қарсы алмақпын!”, — дейді ол өте риза көңілмен.

Ректордың Алғыс хатын алғандардың бірі — Баян Қошқарова. Ол — вахтер.

“Университетте 2012 жылдан бері істеймін. Алғашында екінші Спорт көшесінде, сосын физика-математика факультеті орналасқан корпуста істедім. Қазір Гришин көшесі бойындағы оқу ғимаратында вахтермын. Мұнда шет тілін меңгеруші білім алушылар оқиды. Ғимараттағы тәртіп нормаларын қадағалау оңай шаруа емес. Дегенмен жинақталған тәжірибе мол. Күнделікті туындаған сұрақтардың шешімі вахтадан басталады. Заманауи тілмен айтқанда вахта — бүгінгі ресепшн. Вахтердің сыртқы келбетінен бастап, күнделікті адамдармен жұмыс істеу дағдысына қатты мән беріледі. Еңбегімнің бағаланып жатқанына ризамын. Барша марапат алушыны құттықтаймын! Жаңа жыл құтты болсын!”, — дейді Баян.

Гүлнара Қараша



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана